«Жоспарымыз – Шымкенттегі тұңғыш ұлттық университет атану» - Д. Қожамжарова

2018 жылдың 18 мамырында ЖОО ректорларын тағайындау жөніндегі Республикалық конкурстық комиссияның шешімімен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры лауазымына ҚР ҰҒА-ның академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қожамжарова Дария Пернешқызы тағайындалды. Тағайындалғанына жуырда бір жол толатын Дария Пернешқызымен болған сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

– Дария Пернешқызы, өңіріміздің белді оқу орнына ректор болып келгелі қандай өзгерістер болды?

– Іргесі 1943 жылы қаланған М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті – еліміздің ең ірі және көпсалалы оқу ордасы. Университет өзінің ұзақ жылғы дамуында көптеген биіктерді бағындырды. Менің тағайындалуым оқу орнының 75 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келді. Осыған орай, ең алдымен материалдық-техникалық база, білім беру, ғылыми-зерттеу және халықаралық байланыстар бағытындағы жүйелі жұмыстар мен өзгерістер жүргізу қажет екендігін түсіндім. Оқу ғимараттарына құрылыс жұмыстарын жүргізіп, заманауи үлгіде жабдықтадық.

Университет қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың есімін иеленгенімен, ол кісінің өнегелі өмірін өскелең ұрпаққа насихаттау жұмыстары өз деңгейінде жүргізілмейтінін байқадым. Осы орайда, бас оқу ғимаратының алдында тұрған ескерткішті ғылыми кеңестің шешімімен, өзінің ұлы Мұрат Әуезовтың келісімімен 8 оқу ғимаратына ауыстырып, оның орнына биіктігі 5,5 метрлік жаңа ескерткіш орнаттық. Ғұлама ғалымның өмір жолын зерттейтін «Мұхтартану» ғылыми орталығы өз жұмысын бастады.

Профессор-оқытушылар құрамы мен студенттердің игілігіне Студенттер аллеясы бой көтеріп, жаңа көлік тұрақтары пайда болды.

Оқу-ғылым-тәрбие үрдісін толығымен автоматтандырылған және цифрланған деңгейге көшіру, қызмет көрсетудің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін болдырмау, білім беру сапасын арттыру мақсатында «SMART SQUARE» студенттерге қызмет орталығын аштық. Орталық бүгінгі таңда қызметтің 200 түрі бойынша бір жұмыс күнінде 700-ге дейін студентті қабылдай алады.

Білім беру мен ғылым бағытына көшетін болсақ, университет QS World University Rankings рейтингісі бойынша 480 орынды иеленіп, былтырғы жылмен салыстырғанда 33 позицияға көтерілді. Ал, Еуропаның және Орталық Азияның дамушы елдерінің үздік университеттерінің QS халықаралық рейтингісінде ЖОО 305 университет арасында 99 орынды иеленді.

Адамзат баласының саналы ғұмырында ешкім тартып ала алмайтын меншігі, баға жетпес байлығы – ол оның тірнектеп жинаған білімі мен ғылымда жеткен жетістігі. Бүгінгі таңда университетімізде 1614 профессор-оқытушылар құрамы, соның ішінде 13 академик, 117 ғылым докторы, 51 PhD докторы, 525 ғылым кандидаты 607 магистр тұтас қоғамның ұрпақ алдындағы қасиетті парызын адал орындап, шәкірттерге өз дәрістерін беріп келеді.

Мен үнемі профессор-оқытушылар құрамына айтып отырамын. Ғылымда демалыс жоқ. Ғылым үшін демалыс жұмыстың өзгеруі ғана. Біздің ғалымдар үнемі ізденіс үстінде. Соңғы жылдары 200-ден астам қазақстандық патент пен авторлық куәлік, 3 халықаралық патентке ие болып, 160-тан астам монография мен оқулықтар жарық көрді. 8 мемлекеттік сыйлықтың иегері мен 153 үздік жоғары оқу орнының оқытушылары біздің ұжымда еңбек ететінін зор мақтанышпен атап өткім келеді. 2018 жылы университеттің профессор-оқытушылар құрамы құны 340 миллион теңге тұратын 36 гранттық жобаны ұтса, биыл ол 44 жобаға өсіп, жалпы құны 750 миллион теңгені құрады.

– Оқу ордасында біраз өзгерістер барын байқадық. Осы кезге дейін басқарған жоғары оқу орындарында енгізген сәтті жоспарларыңыз болды ма?

– Мен алғаш еңбек жолымды Жамбыл педагогикалық институтында ассистент болып бастадым. Ұзақ жылдар бойы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде кафедра меңгерушісі, факультет деканы, алғашқыда әлеуметтік салаға, кейінен оқу процесіне жауапты проректор, ректор міндетін атқарушы қызметтерінде болдым.

2004 жылы Елбасымыздың жарлығымен өңірлерде педагогикалық кадрлар жетіспеушілігіне байланысты Қазақстанның жеті облысынан педагогикалық институттар қайта құрылған болатын. Оның екеуі кейінен аймақтық университеттердің құрамына қосылып кетіп, бес педагогикалық институт тек бакалавр білім беру бағдарламасы бойынша маман даярлап келді.

2013 жылы Тараз мемлекеттік педагогикалық институтына ректор болып тағайындалғанда институтқа «университет» статусын алып беріп, магистратура мен докторантура білім бағдарламалары бойынша мамандар даярлауды қолға алу басты мақсаттарымның бірі болды. Ол үшін ұжыммен бірлесіп, маңызды міндеттерді жүзеге асыру қажеттілігі туындады. Институттың білім беру бағдарламалары ескірген, мектептермен жүйелі байланыс жоқ, керісінше мектептер бізден озып, замануи білім беру процесіне көшіп кеткен. 5 жылдың ішінде профессор-оқытушылар құрамының тынымсыз еңбектенуінің арқасында білім беру бағдарламалары толықтай жаңартылып, Жамбыл облысындағы 451 мектеппен байланыс орнатып, сұранысқа ие мамандарды даярлап шығардық. Әр мамандықтан кемінде 20 студенттің 3 тілде еркін сабақ бере алатын маман атануына себепкер болдық. Алыс және жақын шетелдік жоғары оқу орындарымен әріптестік байланыс орнатып, студенттердің әлемдік университеттерде білім алуларына жол аштық.

Министрліктің білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің арнайы комиссиясы бір жылға жуық бақылау-тексеріс жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде комитеттің институт «университет» статусын алуға толық лайықты деген шешімі шықты. Осылайша ТарМПИ-дің 50 жылдық мерейтойында ҚР Үкіметінің арнайы №657 қаулысы таныстырылып, «университет» статусы берілді.

– Университет студенттері арасында шетел студенттерінің үлесі қандай, қанша мемлекеттің студенттері білім алуда?

– Өте орынды сұрақ. Біздің университеттің стратегиялық даму жоспарында Орталық Азия елдерінде ОҚМУ-дың филиалын ашу көзделген. Осы жылдың қаңтар айында Ташкент қаласына арнайы іс-сапармен барып, Өзбекстан Республикасының Жоғары және орта арнаулы білім министрі Ином Маджидов және Өзбекстан ұлттық университетінің ректоры Аваз Марахимовпен кездестім. Екі жақты кездесуде халықаралық ынтымақтастық, өзбек жастарының Қазақстанда білім алу, ОҚМУ-дың Өзбекстанда филиалын ашу мәселелері кеңінен талқыланды. Іс-сапар аясында Инвестиция жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының бірінші орынбасары Сунатулла Бекеновпен кездестім. Кездесуде ОҚМУ филиалына арналған ғимарат бөлу, екі мемлекеттің ғалымдарымен бірлесіп ғылыми жобалар дайындау мәселелері қарастырылды.

Ууниверситет бүгінгі таңда Өзбекстанның 15 жоғары оқу орнымен әріптестік байланыс орнатқан. Университеттің 20 магистранты Өзбекстан ұлттық университетінде іс-тәжірибеден өтті.

Жалпы университетте 95 бакалавриат, 59 магистратура және 19 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша 21783 студент білім алады, оның 6942-і мемлекеттік грант иегері. Шет елдік студенттер саны – 3679. Олар Өзбекстан, Түркіменстан, Қытай, Моңғолия, Ресей елінінің азаматтары. Университет оларды өз мамандықтары бойынша орыс және ағылшын тілдерінде даярлайды. Қажет еткендердің барлығы жатақханамен қамтамасыз етілген.

– Жатақхана жайлы айтып қалдыңыз. Студенттердің басты бас ауруларының бірі жатақхананың жетіспеушілігі, осы жағдайды қалай шешіп жатсыздар?

– Университетте 2225 орындық 6 студенттер үйі бар. Олардың барлығына студенттер орналасқан. Оқу орны бірінші кезекте жатақханамен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мүмкіндігі шектеулі, көпбалалы, аз қамтылған отбасынан шыққан, шетелдік және республиканың өзге аймақтарынан келген студенттерді, мемлекеттік грант иегерлерін қамтамасыз етеді. Жылдан-жылға студенттердің контингентінің артуына байланысты, 500 орындық жатақхана құрылысының жобалық сметалық құжатын дайындадық. Қаржыландыру мәселесіне орай ҚР Білім және ғылым министрлігімен, Шымкент қаласы әкімдігімен бірлесіп шешу үшін ауқымды жұмыстар атқарудамыз. Бүгінгі таңда «Тұран» мөлтек ауданынан жер телімін беру мәселесін қалалық әкімдік қарастыруда. Алдағы уақытта кезең-кезеңімен шешімін табады.

– М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде сырттай оқу бар ма?

– Университетте қашықтықтан оқыту институты жұмыс жасайды. Өздеріңіз білетіндей, ҚР Үкіметінің арнайы қаулысымен 2012 жылдан бері жалпы орта білімді (мектепті) аяқтаған азаматтардың сырттай білім алуына шектеу қойылған. Тек орта арнаулы оқу орындарын (колледж) бітірген студенттер 3 жыл, жоғары білім бітірген (университет) азаматтар ғана 2 жыл қашықтықтан оқыту арқылы білім алады. Олар да күндізгі бөлім студенттері секілді міндетті түрде қысқы және жазғы емтихандарды тапсырып, диплом жұмыстарын қорғап, мемлекеттік емтихан тапсыру арқылы қолдарына диплом алады. Олардың оқу апталарының қысқа болу себебі, олар көптеген міндеттелген пәндерді алдында білім алған колледж бен университетте оқып қойған.

– Университет ұстаздарына қоятын ерекше талап қандай?

– Алты алаштың баласы бас қосқан жерде, қадірлі орын – мұғалімдікі. Ұстаздардың бойында шәкірттерге деген сүйіспеншілік, бойында адамгершілік қасиеттер болуы шарт. Ең бастысы – тазалық, өз жұмысына деген адалдық. Қызметте – жаңашылдық. Ұлы ойшыл Гетенің: «Адамның шын мәнісіндегі нағыз артықшылығы ғылымда» деген даналық ойы бар. Бұл – дегеніңіз саналы ғұмырында ғылымды таңдаған жандардың өзгелерден дара екенін меңзейді. XXI ғасыр – жаңалы желдей ескен кезең. Әлем сағат санап өзгеруде. Сіздің азанда ашқан жаңалығыңыз кешке өз өміршеңдігін жоюы ғажап емес. Бәсекелестік заманда жоғары мөлшердегі жалақыны барлық профессор-оқытушылар құрамы ала бермейді. Үш тілде еркін сабақ бере алатын, өзіндік ғылыми жаңалығы бар, студенттердің оқытушы таңдау кезінде үлкен сұранысқа ие ұстаздардың жалақысына үстемақы қосудамыз. Мұнан өзге, оқытушыларымыз ғылыми жобалар арқылы гранттық қаржыландырудан ұтқан қаржыны айлық жалақы есебінде алады. Ол үшін қыруар ізденіс пен еңбек қажет. Жалпы профессор-оқытушылар құрамының еңбек жалақысын 30%-ға, әкімшілік-шаруашылық қызметкерлерініңкін 50%-ға өсірдік.

– Алда жаңа оқу жылына талапкерлер қабылдау маусымы басталады, мектеп түлектері сіз басқарып отырған университетті таңдауына қандай себептер айтасыз?

– Университет өзінің 75 жылдық тарихында сан мыңдаған түлекті өз ұясынан ұшырды. Түлектеріміз еліміздің түкпір-түкірінде еңбек етіп жүр. Олардың арасында ел басқарған басшы да, Қазақтың намысын қорғаған батыр да, өнерімен биікке жеткен жұлдыздар да, бәрі бар.

Біз, 2018-2018 оқу жылында 5760 студент қабылдадық. Олардың 2112-і мемлекеттік грант иегері. Ол алдыңғы жылмен салыстырғанда 25%-ға өскендігін көрсетті. Биыл 50%-ға дейін өсіру жоспарымызда бар. Университеттің жеткен жетістіктері туралы жоғарыда айтып өттім. Қабылдау комиссиясы жыл бойына жұмыс жасайды. Әр түрлі бағытта құжаттар қабылдау (кешенді тестілеу, гранттық конкурс т.б.) кезеңкезеңімен жүзеге асырылады.

Алдағы жоспарларға келетін болсақ, Шымкент еліміздегі үшінші мегаполис қала атанғанына жақында бір жыл толады. Ұлттық университеттердің барлығы Астана мен Алматы секілді дербес қалаларда орын тепкен. Келешекте Шымкенттегі тұңғыш ұлттық университетке айналу жоспарымызда бар. Ол үшін тиісті жұмыстар жүргізуді бастадық.

Алда қалған оқу ғимараттары мен спорт кешендерін күрделі жөндеуден өткізіп, заманауи үлгідегі лабораториялармен жабдықтамақпыз.

Сұхбаттасқан – Жанерке ХУМАР